Abstract: In the article "Natural movement of population of Kazakhstan in 1920-1980 years" the dynamics of the reproductive value of the population of Kazakhstan in long-term retrospect. Comparative analysis of the peculiarities of demographic development in the 1920-1980, Great attention is devoted to the period 1950-1960 – the time of the demographic explosion experienced in the Kazakh ethnic group. Shows the main causes of demographic explosion and its consequences. The factors of decrease in indicators of natural movement 1960-1980.

УДК 314.012(574)

Ж.С. Аубакирова

Восточно-Казахстанский государственный университет им. С.Аманжолова

КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ: ТРАНСФОРМАЦИЯ ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО ПОВЕДЕНИЯ КАК ОБЪЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ

Аннотация: В статье дается характеристика традиционной и посттрадиционной моделям семьи. Объектом исследования является современная казахская семья, вовравшая в себя нормы и ценности традиционной, расширенной семьи и в то же время воплотившая в себя новые нормы и ценности посттрадиционной модели. В основе этой трансформации находится эволюция семейных ценностей и демографического поведения. Ее нахождение в таком переходном состоянии и является актуальным с исследовательской точки зрения. Она представляется нам как фокус социометрического времени (прошлого, настоящего и будущего), в котором преломляются семейные ценности разных поколений, «разных эпох». Изучив эту квинтэссенцию семейных ценностных установок 3-х поколений современной казахской семьи через данное переходное состояние, можно зафиксировать здесь и сейчас исторический путь семьи вообще, который она прошла в течение веков.

Ключевые слова: казахская семья, демографическое поведение, семейные ценности, традиции, прогенетический интервал, интергенетический интервал

Демографическая политика является составной частью государственной политики РК. В Концепции государственной демографической политики РК одной из задач государственных органов при реализации демографической политики является улучшение условий жизнедеятельности семьи и укрепление семейно-брачных отношений [2].

Современное казахстанское общество серьезным образом трансформировалось, трансформировалась и система ценностей, в том числе семейных. В целом, формирование семейных ценностей обусловлено историческими, экономическими, политическими, социокультурными условиями его развития. Социокультурные измерения, связанные с увеличением степени свободы личности, расширением возможностей выбора занятий и способов деятельности, повышением значимости образования, приводят к усилению социальной дифференциации общества. В сложившейся ситуации именно семья противостоит последствиям социальной напряженности и является для личности консолидирующим центром [3].

Являясь важным индикатором изменения социума, семья за последние 20-30 лет претерпела существенную эволюцию. Несмотря на это, институт современной семьи в Казахстане, в том числе казахской, мало являлся объектом отдельных научных исследований. В то время как «семейный атом», по выражению российского социолога А. Антонова, столь же не исчерпаем для социологического познания, как и атом в физике [1; с.5].

Семья и воспитание детей в семье – одни из самых традиционных сфер общества, ответственных за сохранение и передачу традиций и обычаям молодому поколению, формирование его духовного облика.

Традиционная модель семьи, как известно, характеризуется патриархальностью, патрилинейностью, патрилокальностью. Как правило, супруги живут вместе или рядом с семьей родителей мужа. Приоритет отдается более близким отношениям с родственниками отца. Широким становится круг семейно-родственных связей. Одним из важных традиционных ценностей является многодетность, расширение семьи становится одной из концепций супружеской жизни. Другими важными ценностями традиционной семьи являются прочность отношений, стойкость брака в любых обстоятельствах, консервативность взглядов родителей, общение между поколениями, и наконец, семейная ответственность.

Е.М.Черняк в своей работе «Социология семьи: перспективы развития института» утверждает, что в рамках процесса трансформации семьи в современном социуме и перехода к новым семейным отношениям и ценностям необходимо сделать акцент на анализе социокультурных оснований функционирования разных типов семейных отношений. Трансформация традиционной семьи представляет собой процесс перехода от патриархальной формы отношений к современным [5; с.26].

Современная или посттрадиционная модель характеризуется совершенно новыми отношениями: равенством супругов, билатеральностью родственных связей, неолокальностью. Билатеральность представляет собой симметричные отношения индивида с родственниками, как с материнской линии, так и с отцовской. Неолокальность подразумевает поселение супругов на новом месте, а не в доме родителей одного из них. Родственные связи поддерживаются избирательно и в гораздо меньшем объеме. Растет индивидуализм. Как правило, современная семья отличается малодетностью. В основе изменения моделей семьи, на наш взгляд, приоритетным является трансформация семейных ценностей и демографического поведения семьи.

Демографическое поведение можно рассматривать как систему действий и отношений, опосредующих демографические поступки, явления. К демографическому поведению относятся действия и отношения, связанные с осуществлением полного репродуктивного цикла, с последовательной сменой репродуктивных событий, действий и отношений, препятствующих наступлению каждого звена репродуктивного цикла. Сюда относится и количество детей в семье, очередность и интервалы между рождениями, методы внутрисемейного регулирования рождаемости, аборты и т.д. [4]

Демографическое поведение в контексте семейно-брачных отношений называют брачным. Под ним понимают поведение людей, связанное с заключением и прекращением брака. Его демографически значимыми аспектами являются: возраст вступления в первый и последующий браки; возраст расторжения первого и последующего браков; очерёдность брака, очерёдность развода, продолжительность безбрачного периода до вступления в брак и между браками, формы брака. [4]

Рассмотрим казахскую семью. Старшее поколение в современных казахских семьях, родившееся, как правило, в 1940-1950 гг. в сельской местности и прожившее большую часть своей жизни на селе, было многодетным, со своими семейными ценностями и установками, особым демографическим поведением. Это была расширенная семья с традиционными устоями в регулировании семейно-брачных отношений.

Среднее поколение, родившееся, как правило, в 1960-1970 гг. (большинство в период «демографического бума казахов») на селе и переехавшие в город (внутренние мигранты) отличается уже маргинальным поведением. Большинство из них представляет собой среднедетные или уже малодетные семьи, вобравшие в себя традиции как сельского, так и городского образа жизни. В большинстве своем, это поколение, выросшее на селе, получившее образование, живущее и работающее в городе. Выходные, праздничные дни и время отпусков, они проводили, как правило, в деревне, помогая родителям по хозяйству. Их дети также большее время своих каникул находились у бабушек и дедушек, общались с сельскими детьми. Маргинальный образ жизни сформировал маргинальные ценности и особый тип семьи – переходный.

Молодое поколение, родившееся в 1980-1990 гг. в городах, и живущее в городе с новыми ценностными установками представляет собой современный тип семьи, движущийся к посттрадиционной или уже являющейся таковой. Особенностью молодых казахских семей, в силу национальной ментальности является то, что они тесно связаны со старшим поколением. В большинстве своем, такие семьи не всегда живут под одной крышей с родителями, расселяются в одном городском доме, но в разных квартирах, в одном районе, но в близлежащих домах, или старшее поколение перевозят в сёла вблизи города или поселки, прилегающие к городу. Данный тип расселения позволяет им сохранять тесные родственные отношения и преемственность З-х

поколений, оказывать помощь в воспитании детей, в совместной практике ведения домашнего хозяйства.

Таким образом, можно предположить, что современная казахская семья утратила не все нормы и ценности традиционной, расширенной семьи и в тоже время воплотила в себя новые нормы и ценности посттрадиционной семьи. В основе этой трансформации находится эволюция семейных ценностей и демографического поведения. Ее нахождение в таком переходном состоянии и является актуальным с исследовательской точки зрения. Современная казахская семья представляется нам как фокус социометрического времени (прошлого, настоящего и будущего), в котором преломляются семейные ценности разных поколений, «разных эпох». Изучив эту квинтэссенцию семейных ценностных установок 3-х поколений современной казахской семьи через данное переходное состояние, можно зафиксировать здесь и сейчас исторический путь семьи вообще, который она прошла в течении веков от традиционной расширенной до посттрадиционной нуклеарной.

В связи с этим широким остается круг объектов исследования демографического поведения казахской семьи в будущем. Обозначим, на наш взгляд, наиболее важные из них:

1. Осуществить теоретико-методологический анализ основных научных подходов к изучению понятий «ценность», «семейные ценности», «ценостные установки», определить содержание данных дефиниций. Построить шкалу семейных норм и ценностей традиционной, маргинальной и посттрадиционной казахской семьи. Выяснить, как проявлялся конфликт ценностей в казахской семье? Проанализировать демографическое поведение разных типов семьи.

2. Через эволюцию семейных ценностей изучить, как произошло изменение внутренней структуры казахской семьи, трансформацию внутрисемейных связей? Какие существовали стереотипы поведения и нормы взаимоотношения в расширенной семье: общение с большим кругом родственников, разветленность родственных связей? Каким образом в современной городской семье сужается круг родственных контактов, когда при современном ритме жизни не хватает времени на полноценное общение. Каким образом, это повлияло на трансформацию моделей семейных отношений? Как изменилось представление об обязанностях родственников по отношению друг к другу?

3. В традиционном обществе семья и семейно-родственная группа играет основную роль в социализации личности. В посттрадиционном обществе в процессе социализации личности активно включаются и другие институты: детсады, учебные заведения, различные образовательные центры по развитию детей, услуги нянь и т.д. В этом ракурсе возникает необходимость изучения новых, «других» ценностей, которые могут повлиять на появление «других» способов социализации личности в, маргинальной казахской семье?

4. Как повлияли ценностные установки на мотивацию создания семьи, на отношение к добрачным сексуальным связям, критериям выбора брачного партнера, на отношение к рождению детей в различных моделях семьи? Как изменились представления о гендерных ролях внутри современной казахской семьи?

5. Изучить протогенетический и интергенетический интервал, используя устный нарратив и анамнестический метод. Протогенетический интервал – время рождения первого ребенка после вступления в брак. Чем меньше интервал, тем традиционнее установки на рождаемость. После вступления в брак в течение какого времени - первого, второго, третьего и т.д. года рождается первый ребенок? Интергенетический интервал – интервал между рождениями следующих детей по очередности, между первым и вторым, вторым и третьим и т.д. Чем больше разрыв между ними – тем выше социальные установки (рациональное поведение). Возможно ли данный разрыв рассматривать как время на получение образования, повышение квалификации, карьерный рост, социализацию женщины и т.д.? Изучить эти интервалы в трех поколениях, рассмотреть, как они изменились на протяжении нескольких десятков лет?

6. Осуществить интервьюирование членов семьи. Во время собеседования выяснить, влияет ли религия на восстановление традиционных семейных ценностей казахов или появление новых ценностей, демографических установок?

7. Изучить семейную политику государства. Проанализировать правительственные документы, государственные программы поддержки семьи, выяснить, как они могут повлиять на восстановление традиционных семейных ценностей? Может ли повлиять государственная семейная политика в Казахстане (программа поддержки многодетности, материальное стимулирование рождения 3, 4 и более ребенка, пропаганда традиционных семейных ценностей) или религиозные воззрения на возврат патриархальных ценностных установок в современную казахскую семью?

8. Можем ли мы предположить, что движение семейных норм и ценностей на микроуровне, т.е. семьи, идет в направлении: традиционные - маргинальные - посттрадиционные, а на макроуровне, т.е. государства (или религии?) может возникнуть движение ценностных установок семьи назад: от посттрадиционных - к маргинальным - и опять к патриархальным?

В заключении можно отметить поливариативность форм современной казахской семьи как объекта исследования, параллельность существования разных моделей: традиционной, маргинальной, посттрадиционной на основе поливариативности и параллельности существования семейных ценностей и демографического поведения.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Антонов А. И., Медков В.М. Социология семьи. – М.: Изд-во МГУ: Изд-во Международного университета бизнеса и управления, 1996. – 304 с.
- 2 Концепция государственной демографической политики РК. – Астана, 2000.
- 3 Порохнюк Е.В. Социокультурные измерения традиционной модели семьи и брака: социологический анализ // Известия Дагестанского государственного педагогического университета. Сер. общ. и гум. наук. – 2013. - №2(23). – С.1-5
- 4 Социология: Энциклопедия / Сост. А.А. Грищанов, В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин, Г.Н. Соколов, О.В. Терещенко [Электрон. ресурс] – 2003.- URL: <http://voluntary.ru/dictionary/568> (дата обращения: 02.12.2016).
- 5 Черняк Е.М. Социология семьи: перспективы развития института. М., 2000.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ: ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ МІНЕЗ – ҚҰЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТИСІ РЕТИНДЕ Ж.С.Аубакирова

Мақалада дәстүрлі және дәстүрліден кейінгі отбасы үлгілеріне сипаттама беріледі. Зерттеу обьектісі ретінде он бойына дәстүрлі отбасының құндылықтары мен нормаларын жинақтаған, сонымен бірге дәстүрліден кейінгі жаңа нормалар мен құндылықтарды сіңіре бастаған қазақ отбасы қарастырылады. Бұл трансформацияның негізінде демографиялық міnez – құлыш пен отбасы құндылықтарының эволюциясы жатыр. Оның осындай отпелі жағдайда болуы зерттеудің өзектілігі болып табылады. Ол бізге «әртүрлі дәуірлердің» отбасылық құндылықтары сыйығы бейнеленетін социометрикалық уақыттың фокусы ретінде (откен, қазіргі уақыт және болашак) көрінеді. Заманауи қазақ отбасының 3 буынының отбасылық құндылықтары ұстанымдарының квинтэссенциясын зерттей келе осы отпелі жағдай арқылы отбасының бірнеше гасырлар бойы жүріп откен жалпы тарихи жолын бекітуге болады.

KAZAKH FAMILY: TRANSFORMATION OF DEMOGRAPHIC BEHAVIOR AS AN OBJECT OF INVESTIGATION Zh.S. Aubakirova

This paper describes the traditional and post conventional family models. The object of research is a modern Kazakh family, which incorporates the norms and values of a traditional, extended family, and at the same time embodies new post conventional norms and values of the family. At the heart of this transformation is the evolution of family values and demographic behavior. Its presence in such a state of transition is relevant from the research point of view. It appears to us as the focus of sociometric time (past, present and future), which refracts the family values of different generations, "different eras." Having studied these quintessential family value orientations of 3 generations of modern Kazakh family through this transitional state, it is possible to fix here and now a historic family way in general, the way it has gone during centuries.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЕСКЕРТКІШ КІТАП: ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Аннотация: Мақалада 1941 – 1945 жылдардағы соғысқа аттанаған опат болған, хабарсыз кеткен және ауыр жарагаланған әскерлердің мұрагат құжаттары негізінде этнодемографиялық аспекттері қарастырылған. Ұлы Отан соғысы – еліміздің тарихындағы қайғылы кезең, ол әр отбасының, әр адамның тағдырына өшпес із қалдырды. Ұлы Отан соғысына арналған зерттеу жұмыстарының көптігіне қарамастан кейбір аспекттер әлі де болса тереңдетіп зерттеуді талап етеді. Солардың бірі қарастырылып отырған – адам факторы, соғыс адамы, опат болған жауынгерлер, хабарсыз кеткендер, олардың ұлттық құрамы. Мақалада қарастырылатын мәселениң өзектілігі сол – алғаш рет Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ұлы Отан соғысында опат болған жауынгерлерге арналған «Боздақтар» ескерткіш кітабының негізінде зерттеліп, қосымша мұрагат құжаттары пайдаланылып отыр.

Кілтті сөздер: Шығыс Қазақстан облысы, Ұлы Отан соғысы, ескерткіш кітап, адам шығыны, ұлттар, қаза тапқандар, хабарсыз кеткендер, әскери қызметкерлер.

Тәуелсіздік танының алғашқы күндерінен бастап елбасының бастауымен ұлттық сананы өзгерту үшін ұлттық тарихымызды түгендеу қолға алынды. Елбасымыз 1999 жылы «Тарих толқынында» атты танымдық-зертделік кітап жазды. «Қазақ болмысының ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеніз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағыдан жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды.

Тарихи білімнің мұндай жүйесі қатардағы көшпелілер үшін тарихи – мәдени оқиғалардың ағыны ретінде бала кезінен сана – сезіміне сініп отырған. Қазақ даласының дүйім жүртінде кең құлашты тарихи сана болған, себебі бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінене ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көз қанық болып өсken. Халық тарихын түсініп – білу әрбір адамның өз басындағы сезім – түйсікпен астасып отырған.

Бұрынғы бабаларының іс – әрекеті қазактар үшін өзінің замандастары сияқты зерделенген. Және санғасыр бұрынғы тарихи оқиғалар жеке басының тағдырымен тамырласып жатқан. Қатардағы сахара қазағы өз халқының тарихымен біте қайнасқан. Ол өзін ұдайы халық тарихының бір бөлшегі ретінде сезінген...» [8].

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев осы кітабында тарихшылар алдында тұрған келелі міндеттерді айқындаған берді. Тарихи ғылымның шоктығы биіктеп, жаңа дем біткендей күйде болды. Кеңестік тарихшылардың назарынан тыс қалып жатқан көп дүние қайтадан зерделене бастады. Соның ішінде атап өтері – «көпшіліктің тарихы». Тарихи тұлғаларды әспеттеумен қатар біз қара халықты, көпшілікті де бөле жармауымыз керек. Тарихты жасап жатқан тек қана жеке дара тұлғалар емес екенін ұмытпауымыз керек. Халық әр тарихи кезеңде саяси құбылыстардың табы қалай әсер етті, әлеуметтік портреті қандай болды деген сұраптарға жауап беретін уақыт келді.

Дүниежүзі бойынша қаншама халықты қан қақсатқан Ұлы Отан соғысы біздің еліміз үшін де ауыр естеліктерге толы кезең. Соғысқа қаншама ұлан мәңгі келмеске аттанды, қаншама қыршын жарық дүниемен уақытсыз қоштасты. Ұлы Отан соғысы тарихындағы осындай ақтаңдақ тақырып – адам факторы, соғыс адамы, опат болған жауынгерлер, хабарсыз кеткендер. Кімдер олар, қалай өмір сүрді?

Әрине, соғыс тақырыбында зерттеу еңбектер өте көп жазылды, әлі де жазылып жатыр. Десе де, осындай еңбектердің ішінде ескерткіш кітаптар бойынша жүргізілген зерттеулер жоқтың қасы. Ескерткіш кітап соғыста қаза тапқандар мен хабарсыз кеткен әскери қызметкерлердің есімін ұмыт қалдырмай үрлақ жадына түю үшін ғана емес, тарихи – ғылыми бағытта соғыста шейіт болғандардың әлеуметтік портретін жасауда пайдалану үшін қазіргі уақыттың өзекті тақырыбының жұмысында бірден бір дерек көзі рет ретінде пайдаланылады. Бұл кітаптарда әскери қызметкерлерге қатысты әлеуметтік – демографиялық сипаттағы ақпараттар сақталған: аты – жөні, қызметі, туған жері, туған жылы, әскерге шақыртылған жері, қаза болған жері мен уақыты немесе хабарсыз кеткен жері мен уақыты. Айта кетерлік жайт – әскер қатарына алынғандарлың ұлты туралы мәлімет ескерткіш кітапта

берілмеген, бұл мәліметтер мұрагат құжаттарында сақталған. Жинақтама томда жалпы әр жылдар үшін жасалған соғыстагы адам шығынына байланысты кестелер де бар.

«Боздақтар» ескерткіш кітабында Шығыс Қазақстан облысының әкімшіліктік-аумақтық терриориясынан Ұлы Отан соғысы жылдары қан майданға аттанған жауынгерлердің тізімі қала мен аудандар бойынша жеке-жеке ұсынылып көрсетілген. Соғыс жайлар кешенді мәліметтер: аты-жөні, тегі, жылы және туған жері, қай ескери комиссариаттан шакырылғаны, сонымен қатар жақшаның ішінде әр түрлі оқылым нұсқалары көрсетілген. Одан ары майдандағы тағдырлары туралы: қайтыс болған жылдары, жерленген жерлері туралы мәліметтер келтірілген. Мәліметтер әр түрлі дерек көздерінен түсken. Бұл жұмыстар сонау соғыс болып жатқан кезден басталған. Ең алғаш осында мәліметтерді жинақтауды соғыс ардагерлерінің өздері бастады, ескери құрамалар бойынша кеңестер құрып, шайқас болған жерлерден кездесулер ұйымдастырылды, есімі белгісіз жерленген ескерилдердің аты-жөнін анықтауға амалдар жасалды, соғыста қаза тапқан жолдастарының құжаттарын, хаттарын, фотосурет, киім үлгілерін, жеке естеліктерін жинақтады. Ең алғашында мұндаидай естеліктер кішігірім мектептерде орын алса, кейін келе мұражайлар мен мұрагаттардан орын тепті. Соған қарамастан мәліметтің аздығына байланысты ішілдер қозғалысы пайда болып, оған тек мектептер ғана емес училищелер мен техникумдар да септігін тигізді. Осындаидай ішілдер қозғалысының енбектері жемісті болып, көбі хабарсыз кеткен деп есептелген мындаған жауынгерлердің есімдері анықталып, мурделері қайта ардақталып жерленді. Уақыт өте келе қоғам бұл қозғалысқа назарын аударып, соғыс құрбандастарының және хабарсыз кеткендердің есімін түгел атап жазу идеясы туды. Ол ең алғаш бүкілодақтық Зерде кітабының бас редакциясында басылуға ұсыныстар қарастырылды. Сонымен қатар, басқа елдердегі осындаидай форматтағы кітапты жасау тәжірибесін пайдалану басты назарда ұсталынды [7].

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Боздақтардың бірінші томы 1995 жылы шығарылды. Мұнда «Семейліктер Ұлы Отан соғысы майдандарында» деген тақырыпшамен семейліктердің негізгі аттанған дивизиялары, соғыс қимылдарымен болған аймақтары көрсетіліп, Семей облысынан Абай, Абыралы, Ақсат, Аяғөз аудандары бойынша соғыс құрбандастары мен хабарсыз кеткендердің тізімі берілді [1]. Боздақтардың екінші томы Шығыс Қазақстан облысынан Зырян қаласы және Большенарам ауданы тумаларының тізімімен толыға түсті [2]. Үшінші томы Шығыс Қазақстан облысының Глубокое, Катонқарағай, Зайсан, Тарбағатай аудандарынан 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, ауыр жаракаттан қайтыс болған, хабарсыз кеткен жауынгерлер жөнінде мәліметтер берілді [3]. 1999 жылы шыққан төртінші томда Күршім, Марқакөл, Самар аудандарынан [4], 2000 жылы шығарылған бесінші және алтыншы томда Таврия, Ұлан, Шемонаиха, аудандарынан [5] және Лениногорск, Серебрянск қалаларынан Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, ауыр жаракаттан қайтыс болған, хабарсыз кеткен жауынгерлер жөнінде деректер берілді [6]. Боздақтардың жинақтама томын ҚР ҰҒА Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жұмыс тобы даярлады. Мұнда соғысқа қатысқан жазушылардың алғыс сөзі, Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы адам шығыны, Кеңес Одағының батырларының және үш дәрежелі Даңқ орденінің иегерлерінің тізімі, Қазақстандағы эвакогоспитальдардың қызметі, соғыс майдандарында шайқасқан республиканың ескери құрамалары, енбекші, диқаншы, малшылардың жеңіс жолына арналған енбектерімен қатар ғылым мен мәдениеттің соғыс жылдарындағы жай-күйі қамтылған [7]. Атальмыш томдарды жасауда қыруа енбек еткен бас редакция мен облыстық редакция мүшелері құрделі де қын шараларды атқарып шықты. Соғыс қимылдар жүргізілген аймақтардың мұрагаттық қорларымен байланыстар орнатылды. Іздеу, анықтау, талдау, жинақтау жұмысының салмағы осыдан 22 жыл бұрынғы кезенде қандай болғанын елестету онша қынға түспейді. Яғни, орасан зор ақпаратпен қыншылықтарға толы жұмыс жүргізіліп, қорытындысы көшілік назарына ұсынылды.

Жалпы, Ұлы Отан соғысы кезіндегі КСРО – ның адам шығыны мәселесіне әр – түрлі көзқарастар қалыптасқан. Соғыс уақытында Қызыл Әскер қатарына алынған құрамалар әрқашан тіркеліп отырған. Қызыл Әскерде одактас мемлекеттердің ұлттарымен қатар, әр елден, әр облыстан түрлі ұлттық құрамалар ескерге аттанып жатты. Бұл сол кезенге дейін орын алған саяси жағдайларға тән құбылыс болды. КСРО – да Ұлы Отан соғысына қатысқан ескери қызметкерлердің ұлтына боліп көрсету әсіресе, «Кеңес Одағының батыры» атағын алған адамдарға қатысты жарияланып жүрді. Дегенмен, кеңес дәүірінде мұрагат құжаттарының ашық пайдалануға берілмеуі 1990 жылдарға дейін бұл мәселемен айналысушыларға тоқсауыл болып келді.

Шығыс Қазақстан мемлекеттік мұрагатында «Боздақтар» ескерткіш – кітабы мәліметтері жинақталған 1264 қорда этнодемографиялық аспекттің айқындастырылған мынадай кесте берілген [9, П 19].

№ 3 жинақтама кесте

ШҚО бойынша ҰОС жылдарындағы ұрыс кезіндегі ұлттардың адам шығыны

№	Ұлт	1.04.1941 ж-ға ұлттың жалпы саны	Оның ішінде әскерге кеткендері	1941 – 1945 ж.ж. ұрыс кезіндегі шығындар түрлер бойынша				Барлық түр бойынша шығындар
				Ұрыста қаза тапты	Госпитальда қаза тапты	Тұтқында қаза тапты	Із – түссіз жоғалды	
1.	Орыс	218769	48295	9511	1642	24	8742	19919
2.	Қазақ	242585	38618	8284	1613	50	7945	17892
3.	Татар	8469	3967	923	548	6	1315	2792
4.	Украин	26166	8273	1531	368	3	1595	3597
5.	Неміс	3368	1386	193	70	3	493	759
6.	Еврей	1450	422	141	23	1	44	209
7.	Белорус	12784	5669	1139	284	2	1487	2912
8.	Тәжік	2205	1043	252	106	9	469	836
9.	Корей	949	480	160	73	7	142	382
10.	Өзбек	1553	823	279	97	9	84	469
11.	Басқа	6075	1949	389	217	5	727	1338
12.	Қорытынды	538 456	93 627	22 872	4 739	193	23 716	51 520

Көріп отырғанымыздай, кестеде нақты 10 ұлт өкілдері және басқа деген жинақтаушы атаумен бірнеше ұлт өкілдері берілген. Үшінші бағанда 1941 жылдың 1 сәуіріне дейінгі жалпы әр ұлт өкілдері бойынша адам саны көрсетілген. Сәйкесінше, одан кейін жалпы адам санынан әскерге аттанғандар саны бар. Төртінші баған 1941 – 1945 ж.ж. ұрыс кезіндегі шығындар түрлер бойынша біріктірілген: ұрыста қаза тапқандар, госпитальда қаза тапқандар, тұтқынға түсіп қаза тапқандар, із – түссіз жоғалғандар. Соңғы бағанда барлық шығын түрлері бойынша қорытынды сандар берілген. Осы көрсеткіштерді пайызға айналдырып, салыстырмалы түрде қарайтын болсақ:

орыс ұлты өкілдерінің жалпы санынан 22,07 % - ы майданға аттанған, оның 9,1 % - қайткан жок; қазактардың жалпы санынан 15,91 % - ы майданға аттанған, оның 7,37 % - қайтқан жок; татар ұлты өкілдерінің 46,84 % - ы әскерге кетіп, 32,9 % - ы шығынға ұшырады; україндардан 31,61 % - ы әскер қатарына шақырылып, майданнан 13,7 % - ы қайтпады; неміс ұлты өкілдерінің 40,61 % - ының 22,5 % - ы опат болды; еврей ұлты өкілдерінің әскерге аттанған 29,10 % - ының 14,41 % - ы қайтпады; белорус ұлтының 44,34 % - ының 22,77 % - ы; тәжіктердің 47,3 % - ы әскерге кетіп, оның 37,91 % - ы шығынға ұшырады; корей ұлты өкілдерінің жалпы халық санының 50,57 % - ының 40,25 % - ы шығынға ұшырады; өзбек ұлтынан 52,9 % - ының 30,1 % - ы қайтпаған; басқа ұлт өкілдерінен майданға аттанған 32,8% - ының 22,02 % - ы қайтадан елге оралмады. Салыстырып қарағанда анық байқалатыны қөшілігінің 50% - ға жуығы майданнан түрлі себептермен қайтпаған. Тек татар, неміс, тәжік, корей, өзбек ұлт өкілдерінің және жинақталып «басқа» деп көрсетілген бірнеше ұлт өкілдерінің шығыны 50 пайыздан біршама жоғары. Төртінші бағанда 1941 – 1945 ж.ж. ұрыс кезіндегі шығындар түрлер бойынша біріктірілген, соның ішінде: ұрыста қаза тапқандар жалпы әскерге шақыртылғандар санынан 24,42 %, госпитальда қаза тапқандар – 5,06 % , тұтқынға түсіп қаза тапқандар – 0,2 %, із – түссіз жоғалғандар – 25,3 %.

Фашистік Германияға қарсы соғысқа ешбір дайындықсыз КСРО халықтары жұмыла кірісті. Соғысқа қатысушы түрлі ұлт өкілдері көптеген қындықтарды бастаң кешірді. Қөшілігі өте жас болды, орыс тілін жетік білмеді, әскери өнерден мүлдем хабары болмады. Осындай қындықтардың женуге себепкер болған осыншама түрлі ұлттар арасындағы өзара достық пен түсіністік. Қазақ, орыс, украин, татар, белорус, корей, өзбек барлығыда ұлтқа бөлінбей бір халықтай күресте білді. Бұл женіске жетудегі басты факторлардың бірі болды.

Батырларымыздың ерлігі біздер үшін әрқашан ұлғі - өнеге. Бұл ерлік өскелен үрпактың санасында мәңгілік жатталып қалуы керек және сол үшін біздер қоғам болып жұмыла жұмыс істеуіміз керек, жасалған жұмыстарды тиянақтай түсіп, тарих сабактарын жадымыздан бір сәтке де шығаруға құқымыз жок.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Боздақтар. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға арналған ескерткіш – кітап. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. Т.1.– 390 бет.
2. Боздақтар. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға арналған ескерткіш – кітап. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1996. Т.2.– 495 бет.
3. Боздақтар. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға арналған ескерткіш – кітап. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. Т.3.– 727 бет.
4. Боздақтар. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға арналған ескерткіш – кітап. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. Т.4.– 501 бет.
5. Боздақтар. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға арналған ескерткіш – кітап. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. Т.5.– 524 бет.
6. Боздақтар. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға арналған ескерткіш – кітап. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. Т.6.– 541 бет.
7. Боздақтар. Жинақтама том. Алматы: Қазақстан баспасы, 1995. – 474 бет.
8. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. 30 – 31 бет.
9. Шығыс Қазақстан мемлекеттік мұрагаты. Қор-1264, Тізбе-1, Іс-20.

КНИГА ПАМЯТИ ПО ВОСТОЧНО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ А.Ж.Аубакирова

В статье на основании архивных документов рассмотрены этнодемографические аспекты военнослужащих, которые погибли, пропали без вести и были тяжело ранены в 1941–1945 годах. Вторая мировая война как трагический период в истории страны, оставила неизгладимый след в судьбе каждого человека, каждой семьи. Несмотря на обилие исследований о Великой Отечественной войне, некоторые аспекты все еще требуют углубленного изучения. Один из них - человеческий фактор, человек войны, погибшие военнослужащие, без вести пропавшие, их национальный состав. Актуальность рассматриваемой проблемы в том, что впервые вопрос изучается на основе книг памяти, повященным погившим в Великой Отечественной войне по Восточно-Казахстанской области, а также дополнительных документов из архива.

THE BOOK OF MEMORY ACROSS THE EAST KAZAKHSTAN REGION: ETHNODEMOGRAPHIC ASPECTS. A. Zh.Aubakirova

In article on the basis of archival documents ethnodemographic aspects of the military personnel who has died are considered, were missing and were seriously injured in 1941-1945. World War II as the tragic period in the history of the country, has left an indelible mark in destiny of each person, each family. Despite abundance of researches in the Great Patriotic War, some aspects still demand profound studying. One of them considered - a human factor, the person of war, the died military personnel, without message, missing, their national structure. Relevance of the considered problem is that for the first time the question is studied on the basis of the book of memory by the povyashchenny dead in the Great Patriotic War across the East Kazakhstan region, in addition according to documents of archive.

ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВТЫҢ ТҮЛГА РЕТИНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ІЗДЕНИСТЕРИ

Аннотация: Мақалада Ермұхан Бекмахановтың өмірлік жолы мен оның ғылыми-педагогикалық қайраткерлігі қарастырылған.

Кілт сөздер: түлгә, ғылым, қоғам.

Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов - Қазақстан шыққан алғашқы тарих ғылыминың докторы, еліміздегі отандық тарих ғылыминың негізін салушылардың бірі, профессор, Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Қорнекті ғалым Ермұхан Бекмаханов 1915 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданының жеріндегі Жасыбай көлінің манайында дүние есігін ашты. Кенес дәуірінде Бекмахановтар әүлетінің Абылайхан ұрпағы екені ашық айтылмады. Тек бүгінгі күні ғана олардың ұлтымыздың мақтанышы Абылайдың тікелей ұрпақтары екендігін жүрт біле бастады. Осы тақырыпты қазақ баспасөзінде алғашқы қотерген, өзі де Абылай ханның ұрпағы, төре тұқымдары тарихының зерттеушісі және білгірі, белгілі өнер қайраткері Шота Уалиханов былай деп жазады: «...Абылай ханның баласы Уәлидің кіндігінен он төр ұл туғаны белгілі. Соның біреуі – Тәуке. Тәукеден Жанпейіс, одан Жанбөбек тараған. Жанбөбек үш ұл қөрген: Бегедай, Беген, Жошы. Бегеннен Бекмахан мен Жармұхамед туады.Бекмаханнан Тоқаш, Дінше және Ермұқан »[1]. Орта дәулеті бар Бекмахан Бегенұлының шанырағында дүниеге келген Ермұхан — Абылайханның жетінші буын ұрпағы. Ермұхан 1921 жылы әкесінен айырылады. 1932 жылы Баянауылдағы жеті жылдық мектепті тәмәмдаган соң, Ермұхан Семей қаласына жол тартып, Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі.[2]

Ермұхан Семейдегі педтехникум жанындағы бір жылдық дайындық курсын бітіргенен кейін, 1933 жылы оку - агарту халық комиссариатының жолдамасымен Воронеж қаласына сапар шегеді. Мұнда ол мемлекеттік педагогика институтының тарих факультетіне түсіп, оны 1937 жылы аяқтайды. Ермұхан Бекмахановтың Тамбов пен Воронежде оқып жүрген өмір кезеңін деректер аз. Ермұхан Бекмахановтың тарих ғылымина төреккінен келуі осы жылдары қалыптасты. Ол осында ғылым жолында жүріп халық тарихы жөнінде өзіндік тұжырымдамалар жасау қабілетіне ие болды. Үнемі тың ізденіс, ықжадағатты даярлық, көп оку оның бойындағы дарындылық пен зеректіктің отын маздата түседі. Өсіресе, ол тарихты шынайы түрде зерттеу идеясын өз көкірегіне нық орната алған. Міне, Бекмахановқа осы қасиеті үлкен абырой - бедел әперді, ол елдің есінде, жүрттың аузындағы тұлғага айналды, ғылымда және қоғамда биік тұғырға қотерілді. Ермұхан Бекмаханов - ғұлама ғалымдығымен қатар тәлімгер ұстаз, агартушы-педагог. Оның педагогикалық жолдағы қызметі Алматы қаласындағы № 28 мектептен бастау алады. Мектепте мұғалім болумен бірге ол 1937 жылы Алматыдағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында (қазіргі ІІ. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы) еңбек етті. Бекмахановтың тарих ғылымина төреккінен келуі осы жылдары қалыптасты. Ол халық тарихы жөнінде өзіндік тұжырымдамалар жасау қабілетіне ие болды. Үнемі тың ізденіс, ықжадағатты даярлық, көп оку оның бойындағы дарындылық пен зеректіктің отын маздата түседі. Өсіресе, ол тарихты шынайы түрде зерттеу идеясын өз көкірегіне нық орната алған. Міне, Бекмахановқа осы қасиеті үлкен абырой - бедел әперді, елдің есінде, жүрттың аузында жүргізді, биік тұғырға қотерілді. [3] Өзінің ұйымдастыруышылық қабілетімен көзге түсे жүріп, халықтың оқу-білім менгеруіне айрықша үлесін қости. Е. Бекмаханов 1939-1940 жылдары аталмыш педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін де атқарады. Институт директорлығымен қоса Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Алматы университеті) аспирантурасында оқып, тубегейлі ғылымға ден қойған. Аспирантурада ол Диқан Әбілев, Мәлік Ғабдулин, Әли Есмағанбетов, Дүйсенбек Еркімбеков сияқты белгілі азаматтармен оқыды. Аспирантураны ойдағыдай тәмәмдаган ол, 1940-1941 жылдары БКП(б) Орталық Комитеті жанындағы жоғары партия мектебінде оқиды. Ермұхан Бекмаханов өзінің ғылыми ізденісін еш токтатпай, жетілдіре түсуге ұмтылып отырды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ермұхан Бекмаханов әртүрлі оку орындарында тарих пәнінен дәрістер оқиды. Оның бұл қызметі өмірінің соңына дейін жалғасты. Ермұхан Бекмахановтың өмір тарихына шола қарасақ, ол 1941-1942 жылдары Қазақ КСР Оку халық комиссариатында мектептер басқармасының бастығы, 1942-1944 жылдары Қазақ КП Орталық

Комитетінің лекторы, 1943-1948 жылдары Қазақ Фылым академиясының тарих, археология және этнография институтында аға ғылыми қызметкер, институт директорының орынбасары болып қызмет атқарады. [4]

Бекмахановтың ғылым жолындағы алғашқы ізденістері педагогика саласымен тығыз байланысты. Ермұхан Бекмаханов қазақ мектептері үшін тұнғыш ежелгі дүние тарихы мен КСРО халықтары тарихы бойынша әдістемелік-құралдар жасауға белсенді қатысады. Аталмыш ғылыми еңбектер 1938-1939 жылдары «Халық мұғалімі» (қазіргі «Қазақстан мектебі») журналында жарияланып, ұстаздардың ғана емес, сондай-ақ былайғы жүрттyn да қызығушылығын тудырды. Е. Бекмахановтың тарих ғылымына басы бүтін ден қоюы соғыс кезеңімен тұспа-тұс келді. Оның тарих ғылымындағы алғашқы қадамдарына, кейін үлкен арнаға ұласуына қамқорлық жасап, жетекшілік еткен КСРО ғылым академиясының академигі, белгілі тарихшы Анна Михайловна Панкратова болған еді. Академик-тарихшы жас ғалымға бағыт-бағдар беріп, ғылыми ізденісінің жетілуіне көп ықпал етті. 1941 жылдың күздінде Мәскеу тұбіндегі қауіпті жағдайға байланысты Ресейдің ірі тарихшы-ғалымдарының тобы Алматыға қоныс аударды. Орталықтан келген тарихшылардың ішінде А.М. Панкратовадан басқа атақты М. П. Вяткин, Н. М. Дружинин, Я. Я. Зутис, А. П. Кучкин сияқты тамаша мамандар болды. Іскер ғалым А. Панкратова олардың бәрін шоғырландырып, соғыс талабына сай ғылыми жұмысқа пайдалануды ұсынады. Бұл идеяның басы-қасында сол кезде Оку халық комиссариатында қызмет істейтін Ермұхан Бекмахановта журеді. Сөйтіп, Ресей мен Қазақстан ғалымдарының үлкен тобы алдымен мектеп мұғалімдері үшін соғыс жағдайында тарих пәннің оқыту әдістемесін аз уақытта жасап шығарады. Аталмыш әдістемелік құрал тез арада баспаға жіберіліп, тіпті Өзбекстанда да жарық көреді. Бұдан соң, ресейлік тарихшылар мен жергілікті ғалымдар тобы бірлесе отырып, ерте дүниеден бастап сол кезге дейінгі қазақ тарихының бір томдығын жазуға кіріседі. Орыс ғалымдарының көпшілігі қазақ тарихын толыққанды білмейтін. Олар Алматы мұрағаттарынан, Ұлттық кітапханадан мағлұматтар алуға мүмкіндік алады. Осы жұмыстарға араласқан ғалымдардың ішінде ең жасы, көңілден шығар іс атқарғаны Ермұхан Бекмаханов болған.[5]

Сол кездерде «Қазақ КСР тарихын» дайындау барысында үлкен дау туғызған мәселе 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлының көтерілісіне байланысты болды. Авторлар ұжымының өзара талқысынан соң, Е. Бекмахановтың көзқарасы көпшілік қолдауына ие болып, кітаптың сол тарауын жазу оған жүктеледі. «Қазақ КСР тарихының» бір томдығы 1943 жылы Алматыды басылып шықты. Бұл еңбек Кеңестік республикалардың тарихын зерттеудегі алғашқы жұмыс болумен ерекшеленеді. Сондай -ақ, оны жасауға беделі зор, білімі молғалымдардың қатысуы - кітаптың маңызын арттыруды. «Қазақ КСР тарихы» сталиндік сыйлыққа да ұсынылды. Бұл ұсыныс сарапшылардың сыйнынан сүрінбей еткенімен, авторлар қуанышы ұзаққа созылмады. Кітаптың мазмұндық мәсесесі үлкен дауга ұласып, Е. Бекмаханов үшін бұл мәселе трагедияға айналды. Сталиндік сыйлық жөніндегі комитеттің соңғы мәжілісінде КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Яковлев «Қазақ КСР тарихы» орыстарға қарсы жазылған, саяси жағынан зиянды кітап деген орынсыз пікірлер айтып, сарапшылардың ойын сан-саққа аударады. Яковлев: одақ жерінде жазыллатын тарих «орыс ұлты тұрғысынан» жазылған тарих болуы керек, әр республиканың жеке ұлттық тарихын жасау зиянды, интернационализм пікіріне сай келмейді»-деген еді. Әрине, оның көзқарасы - шовинистік тұрғыдағы екені сөзсіз. Нәтижесінде сыйлық берілмейтін болып шешіледі. Ермұхан Бекмаханов 1943 жылы Мәскеуде «Қазақтардың Кенесары Қасымұлы басқарған азаттық күресі» тақырыбы бойынша жүргізген зерттеулері негізінде кандидаттық диссертациясын қорғайды. Ал, 1946 жылы небәрі 31 жасында «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» тақырыбындағы докторлық жұмысын қорғап, оны 1947 жылы жарыққашығарады. Алайда, Кенесары бүлігін синаушылар Е. Бекмахановтың монографиясын қatal сынға ала бастайды. «Қазақ КСР тарихына» бағыт алған сын-пікірлер енді оның монографиясына ойысады. Жергілікті синшылар үшін «Қазақ КСР тарихы» авторларына, беделді Мәскеулік ғалымдарға соқтығудыңорнына монография авторына «Қамшы ала жүгіру» тиімді керінді. Е.Бекмахановқа өзге біреудің қолжазбасын «урлап, көшірген» деп жала жапты. Алайда істің анық-қанығына тексеру жүргізген академик Дружинин «көшіріп алған» деген пікірді мүлде теріске шығарып берді. [6] 1948 жылдың ақпанында КСРО Ғылым академиясының тарих институтында Бекмахановтың монографиясы талқыға салынады. Талқылауда қазақстандық тарихшылар Кенесары Қасымұлы көтерілісі «реакцияшыл, феодалдық - монорхиялық, ұлтшылдық» сипатта деген «ортак пікір» білдіріп тұрып алады. Оларға Баҳрушин, Дружинин, Вяткин және Кучкиндер қарсы шығып, академик Греков автордың жеке басына соктығу, оны буржуазияшыл, ұлтшыл деп айыптау, ғылыми пікірталасқа жат әрекет екендігіне көніл аударады. Сонымен, 1948 жылы Мәскеуде өткен ақпан кеңесі Е. Бекмахановқа төнген қауіпті

сейілткендей болды. Өкінішке карай дау-жанжал онан соң да өрши түседі. 1948 жылдың 14-19 шілде аралығында Қаз КСР ҒА тарих, этнология және археология институтындағы галымның «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жж.» монографиясын тағы да талқылауда салды. Бес күндік талқылауда оның еңбегін синаушылар өте қатал пікірлерге жол берді. Бұлар: «Е. Бекмахановтың кітабы - мазмұны жағынан негізсіз, буржуазияшыл-ұлтшылдық сарындағы идеясыз еңбек, ғылыми жағынан зиянды» деген пікірлер айтылды. Е. Бекмахановты 1951 жылы ірі саяси қателіктөрі үшін ҚазМУ-дің КСРО тарихы кафедрасы профессорлығынан шығарылады, университеттен қуылып, ғылыми-атақ дәрежелерінен айырды. Қазақстандағы тұңғыш Қазақстан тарихы кафедрасының ашылуы да Е. Бекмахановтың тағдырымен байланысты болғанына көз жеткізу қыын емес. «Ұлтшылдарды әшкерелеудің» аласапыран тұсында Қазақ КСР тарихы кафедрасы да жабылып, тек 1958 жылы, яғни Е. Бекмаханов айдаудан оралған соң ғана қайта жұмысын бастаған. Е. Бекмаханов бұдан кейін де КГБ-нің «құрығына» ілігіп, бақылауда болады. Ол аласапыран осы уақытта Алматы облысы, Нарынқол ауданындағы мектепте, онан соң, Жамбыл облысы, Шу ауданындағы бір ауылда тарих пәнінен мұғалім болады. Соңғысында жүргенде, яғни 1952 жылы тұтқындалып, 25 жылға сottалады. Қазақ тарихының ірі білгіре, ойы сұңғылаған Е. Бекмаханов сталиндік құғын - сүргіннің, шовинистік көзқарастың құрбаны болды. [7] Кенжелеп қалған ұлттық тарих ғылымиң қаз-қаз бастыру жолында мандай терін төге еңбек еткен оның есімі осыдан кейін тасалынып, мұралары жоққа шығарылды. Идеологиялық шенберге мойынсұнбаған ғалым өзінің нағызы дер шағын тұтқында өткізді. Оның тұтқындалуымен бірге қазақ тарихы да қапасқа қамалды, тарихи мұраларымыздың орны үнірейіп қалды. Кеңес дәуірі халықтың, ұлттың тарихшыларын емес, жетекке еріп, айтқанға көніп, шектеулі жұмыстармен ғана айналысатын «партияның сенімді тарихшыларын» жасақтауға тырысты. Қатаң бақылау жасап, олардың нақты тарихи дүниелерді жазуына тыйым салды. Алайда, айтулы 1953 жылдағы өзгерістердің нәтижесінде КСРО-ның бас прокуроры Е. Бекмахановтың ақтау қағазына қол қояды. Алайда, айтулы ғалымның өмірі бұдан кейін де тынышсыздыққа толы болды. Ол 1954 жылы ҚазМУ-ге қайта орналасып, тек аға оқытушылық қызметін ғана атқарды. Осындағы әділетсіздіктердің бәріне де тоқырамай, тозбай, қайыспай қарсы тұра білген ғалым ғылыми ізденісін де тоқтатпады. Бойдағы бар күш-жігер, ақыл-ойын ғылыми ізденістерге арнады. 1957 жылы Мәскеудегі «Ғылым» баспасынан оның «Қазақстанның Ресейге қосылтуы» атты көлемді жаңа монографиясы жарыққа шықты. Осыдан кейін оған докторлық ғылыми дәреже мен профессорлық атағы қайтарылып берілді. [8]

Ғалымның алансыз еңбек еткен кезі 1958-1966 жылдары болды. Осы жылдары ол ойында жүрген орасан көп, ұшан-теңіз идеяларын іске асыруға тырысты. Оның редакторлығымен бірнеше ғылыми жинақтар жарияланды. Ғалымның жетекшілігімен тың тақырыптарға зерттеулер жүргізіліп, оқулықтар даярланды, ғылыми Кеңес ашылып, одактық ғылыми кеңестер мен конференциялар ұйымдастырылды. Е. Бекмаханов 1962 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланды. Оның ойы Қазақстан тарихын еліміздің барлық жогары оқу орындарында енгізу еді. Ол тәуелсіздік жылдары ғана іске асты. Тарихымыздың айтулы білгірі, тарлан талант Ермұхан Бекмахановтың асыл тұлғасы кейінгі уақытқа дейін өзінің бағасын ала алмай келгені өкінішті. Ғалым жаңын сала зерттеген Кенесары Қасымұлының болмысы, азаттық қозғалысы бүгінгі егеменді еліміздің тарихындағы айрықша кезең болып, өз бағасын алып отыр. Кенесары хан қазақ көгіне көтеріліп, ұлттық мактанышқа айналды. Ал, оның тарихымыздың төрінен орын алуына Ермұхан Бекмахановтың ерен еңбегінің тікелей ықпал еткені сөзсіз. [9]

Ермұхан Бекмаханов 1966 жылы небәрі 51 жасында көз жұмды. Ғұмырының келте болуына құғын - сүргіннің, айдаудағы азаптардың себеп болғанын айтудың өзі ауыр. Тәуелсіздікпен келген алмас қылыштай ақықат заман талантты тұлғаларымызды туған халқымен қауыштыруды бастады. Ақталған арыстармен бірге қазыналы мұра тарихымыз, әдебиетіміз, мәдениетіміз қайтып оралды. Ұлттымыздың рухани қазынасы толысты. Қоғамдық өміріміздегі тегеуірінді сілкініс өткен тарихымызға жалтақсыз мойын бұрғызып, шыңдықтың жүзіне қаймықпай тұра карауға, келешекке нық сеніммен аттануға негіз болды. Осындағы түбебегілі өзгерістер кезеңінде Ермұхан Бекмаханов сияқты ғұламаның асқақ тұлғасы, әйгілі есімі қазақ көгінде алтын әріптермен мәңгігে жазылмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәрсеке, М. Ермұхан Бекмаханов: ғұмырнама / М. Сәрсеке.- Астана: Фолиант, 2010.- 671 б.- (Нартұлға).
2. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы: Көп томдық. Т.18. Ермұхан Бекмаханов. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында.- Астана: Астана полиграфия, 2010.- 491 б.- (Мәденимұра). - (Қазақұлт-азаттыққозғалысы).

3. Сәрсеке, М. Ноқталанған тарихшы: Ермұхан Бекмахановтың шерлі ғұмыры туралы деректі роман-ессе / М. Сәрсеке; әл-Фараби атында. Қазақұлттықун-ті.- Алматы: Қазақун-ті, 2015.- 570б
4. Омарбеков, Т. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас/ Т. Омарбеков, Ш Омарбеков.- Алматы: Қазақун-ті, 2004.- 388б.
5. Махат, Д. Тіл мен ділтағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақырат: (мақалалар мен зерттеулер) / Д. Махат.- Астана: Ана тілі – Ата тарих, 2007.- 192б.
6. Бекмаханов, Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40- жылдарында: Оқу құралы / Е. Бекмаханов.- Алматы: Санат, 1994.- 416б.
7. Бекмаханова Х. "Мехнат бізді мойыта алмады [Текст] / Бекмаханова Х. // Егемен Қазақстан . - 2013. - 15 ақпан (№ 68). - 7
8. Сәрсеке М. Ермұханның "соңғы шайқасы" [Текст] / Сәрсеке М. // Егемен Қазақстан . - 2015.- 19 ақпан (№ 33). - 9
9. Ермұхан Бекмаханов – қазақ тарихының геродоты [Мәтін] // Мәдениет. - 2015. - №9.- Б.2-6

**СТАНОВЛЕНИЕ КАК ЛИЧНОСТЬ И НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
ЕРМУХАНА БЕКМАХАНОВА
С.Б. Бажеева**

В статье рассматривается жизненный путь Ермухана Бекмаханова и его научно-педагогический деятельность.

**RESEARCH IN SCIENCE AND PERSONAL GROWTH AND DEVELOPMENT OF
YERMUKHAN BEKMAKHANOV
S.B. Bajeeva**

The article is concerned with the way of life of Ermukhan Bekmakhnov and his scientific and pedagogical activity.

УДК [94:323] (474.5)

Д.А. Джумагалиев

Институт истории государства КН МОН РК

АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ «ИСТОРИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ» В СОВРЕМЕННОЙ ЛИТВЕ

Аннотация: Статья посвящена аспектам реализации «исторической политики» в современной Литве. На основании материалов в СМИ и других источников автор рассматривает историческую политику проводимую Литовской Республикой для формирования идеологических основ государства.

Ключевые слова: историческая политика, историческая память, СССР, Прибалтика, Литва.

